

ЖЕКЕ ТҰЛҒАЛАРДЫҢ ДЕПОЗИТТЕР НАРЫҒЫНА ҚЫСҚАША АҚПАРАТТЫҚ ШОЛУ **2022 жылдың IV тоқсаны бойынша**

2022 жыл – орын алған уақиғалар аясында қаржы жүйесі үшін де, елдің бүкіл экономика салалары үшін де сынақ жылына айналды. 2022 жылдың басындағы геосаяси шиеленістер мен инфляциялық үдерістер халықтың іскерлік белсенділігін түсіріп жіберді. Отандық депозит нарығы да қиындықтарға тап болды. Алайда мемлекеттің барлық қаржы нарығына қатысушылармен біріге отырып, дер кезінде қабылдаған шаралары және тиімді жұмыстары ішкі және сыртқы күтпеген сын-соққылардың зардабын жұмсартуға мүмкіндік берді.

Депозит нарығында қаржы нарығының тұрақтылығын қамтамасыз ету және халықтың теңгелік салым ақшаларға деген қызығушылығын сақтау мақсатында келесі шаралар қабылданды:

- 1) теңгелік жинақ салымдар бойынша кепілдік берілген максималды сома мен жиынтық өтем сома 15 млн теңгеден 20 млн теңгеге дейін ұлғайтылды;
- 2) жеке тұлғалардың теңгелік депозиттері бойынша шекті сыйақы мөлшерлемелері ақша нарығындағы жалпы үрдіске сәйкес бірнеше рет жоғарылатылды (мөлшерлемелер бір жыл ішінде 19 рет қайта қаралды);
- 3) Ұлттық Банк Үкіметпен бірге теңгелік салымдарды қорғау бағдарламасын іске қосты, соған сәйкес 2023 жылы салымшыларға 2022 жылғы 23 ақпанның соңына қарай депозиттердегі қалдық ақшаның 10%-ы негізінде өтемақы төленді.

Осы жүзеге асырылған шаралардың арқасында халықтың банк жүйесіне деген сенімін нығайтуға және депозит нарығын жандандыруға қол жеткізілді. Жалпы 2022 жылы депозиттердің алғашқы тоқсандағы азаюының орны толтырылып қана қоймай, одан кейінгі үш тоқсанда халық депозиттерінің алдыңғы екі жылдағы өсіммен барабар келетін өсім қамтамасыз етілді. Бір жыл ішінде бөлшек саудалық депозит нарығы 3,5 трлн теңгеге артты. Бұл ретте депозит базасының негізгі өсімін теңгелік депозиттер қамтамасыз етті (+2,4 трлн. тенге). Сондай-ақ 2022 жыл долларлану деңгейінің рекордтық дәрежеде төмен мәнге жеткендігімен де есте қалды – ол бұл кезеңде 33,9% болды.

Бөлшек саудалық депозиттер нарығының даму барысы


Халық депозиттері отандық банк секторы үшін әлі де негізгі ақшалай қор жинау көзі болып табылады. 2022 жылы бөлшек сауда нарығы сол есепті жылдың бірінші тоқсанын есептемегенде тұрақты дамыды. Бірінші тоқсанда орын алған геосаяси сын-қатерлер аясында депозиттердің біршама азайғаны рас. Бірақ қалған үш тоқсанда азаюдың орны толтырылып қана қоймай, айтарлықтай өсімге қол жеткізілді. Депозиттік база әсіресе есепті жылдың 4-тоқсанында рекордтық көрсеткішке жетті (+15,3% немесе +2,2 трлн теңге) (1-сурет). Бұған бірнеше фактор ықпал етті. Олар: есепті кезеңде теңгелік депозиттер бойынша шекті сыйақы мөлшерлемелерінің өсу жағына қарай екі рет қайта қаралуы және жалпы қаржы нарығында жағдайдың тұрақталуы.

Соның нәтижесінде бөлшек саудалық депозит портфелі бір жыл ішінде 26,1%-ға немесе 3,5 трлн теңгеге ұлғайды. Депозит базасының жалпы жылдық өсімінде 2022 жылдың 4-тоқсанының алар үлесі 16,7%-ды құрады. Банк секторында шоттардың саны да тұрақты өсуде. Бұл қазақстандықтардың күнделікті өмірінде көрсетілетін қаржылық қызметтердің инклюзивтілігінің кеңейгендігін көрсетеді (1-сурет).


Бөлшек саудалық депозиттердің өсуінің негізгі қозғаушы күші әлі де теңгелік депозиттер болып қалуда. Төртінші тоқсанда теңгелік депозиттер 16,5%-ға (+1,6 трлн теңге) өсті, ал жылдық есепте өсім 27,4%-ды (+2,4 трлн теңге) құрады. Теңгелік депозиттердің рекордтық көрсеткішке жетуіне мына шарттар негіз болды: депозит нарығындағы жоғары мөлшерлемелер, валюта нарығындағы біршама тұрақтылық, сондай-ақ теңгелік депозиттерге қолдау көрсету бойынша мемлекеттік бағдарлама: мұнда теңгелік депозиттер бойынша өтемақы алу үшін салымды 2023 жылдың 23 ақпанына дейін сақтау керек болды, оның үстіне депозиттердегі ақша бір жыл ішінде есептелген мөлшерлемелердің капиталдануы есебінен де өсті. 2022 жылдың 4-тоқсанында бөлшек саудалық депозиттердің жиынтық өсімінде (+15,3%) теңгелік депозиттердің үлесі +10,8%-ды құрады (2-сурет).

Бөлшек саудалық депозиттердің валюталық сегментінде де оң үрдіс сақталды. Қарастырылып жатқан жылдың 4-тоқсанында теңге бағамының АҚШ долларына қатысты нығайуына байланысты теріс валюталық қайта бағалауға қарамастан, долларлық баламадағы депозиттер 17,0%-ға немесе 1,8 млрд АҚШ долларына, ал жылдық есепте 15,7%-ға немесе 1,6 млрд теңгеге өсті (3-сурет). Осылайша 2022 жылдың 4-тоқсаны банктердің депозиттік портфелінің валюталық бөлігінің жылдық өсімін қамтамасыз етті. Валюталық депозиттердің өсуі 2022 жылдың бірінші тоқсанындағы уақиғалардан кейін халықтың банк жүйесіне деген сенімінің қалпына келуіне және екінші деңгейдегі банктерге ірі валюталық депозиттердің ағылып келуіне тығыз байланысты.


1-сурет. Бөлшек саудалық депозиттер серпіні



2-сурет. Бөлшек саудалық депозиттердің өзгеру құрылымының серпіні



3-сурет. Валюталық салымдардың өзгеру серпіні



Депозиттерді сегменттер бойынша орналастыру құрылымы

- Бұқаралық сегмент – қалдық ақшасы 15 млн теңгеге дейін болатын депозиттер.
- Орта сегмент – қалдық ақшасы 15 млн теңгеден 50 млн теңгеге дейін болатын депозиттер.
- Ірі сегмент – қалдық ақшасы 50 млн теңгеден асатын депозиттер.

2022 жылдың 4-тоқсанында депозиттердің сегменттер бойынша құрылымында бұқаралық сегменттің басымдыққа ие болуы әлі де сақталуда (депозиттердің жиынтық көлемінің 50%-дан астамы) (4-сурет). Сонымен қатар 2022 жылдың соңғы үш тоқсанында бұқаралық сегмент үлесінің азайып, сәйкесінше орта және ірі сегменттердің ұлғайғаны байқалды. Бұл қазақстандықтардың жинақ ақшаларының орташа сомасының өскендігін көрсетеді. Ал мұның өзі депозит нарығында табыстылықтың өскендігіне және теңгелік салымдарды қорғаудың мемлекеттік бағдарламасының¹ жүзеге асырылғандығына байланысты болғаны айтпаса да түсінікті.


Депозиттік портфельдің теңгелік бөлігінің құрылымы жылдық тұрғыда біршама өзгерістерге ұшырады – бұқаралық сегменттің үлесі азайып, бір мезгілде орта сегмент едәуір артты (4-сурет). Жоғарыда айтылып өткеніндей, салымшылардың депозиттерінің орташа сомасы көбейген соң, бұқаралық сегмент депозиттерінің бір бөлігі орташа сегментке өтті.

Төртінші тоқсанда банктердің портфельдерінің валюталық бөлігінде ірі сегменттің үлесі 4-тоқсанда рекордтық мәнге жетті – 66,0%. Бұл тарихи қалыптасқан тәжірибе екендігіне қарамастан, ірі валюталық депозиттердің күрт өсуі және солармен бірге дәл сондай ірі теңгелік депозиттердің артуы банк жүйесінде ірі депозиттердің қайта қалпына келгендігін білдіреді. Бұл ірі теңгелік депозиттер 2022 жылдың бірінші тоқсанында жүйеден алынған болатын (4-сурет).


2022 жылдың 4-тоқсанында депозит нарығының барлық сегменттерінің өскені байқалды. Алайда орта сегменттің өскендігімен сипатталатын 2022 жылдың 3-тоқсанымен салыстырғанда 4-тоқсанда депозит нарығының ірі сегменті өзінің ерекше өскендігімен ерекшеленді – +22,2%. Ал жылдық тұрғыда ол +35,0%-ға көбейді (5-сурет). Ірі сегмент тең дәрежеде теңгелік депозиттер және валюталық депозиттер есебінен де ұлғайды (сәйкесінше +478,3 млрд теңге және +561,7 млрд теңге).

Бұқаралық сегменттің өсу қарқыны ірі және орта сегментпен салыстырғанда айтарлықтай емес, алайда абсолютті өрнекте бұқаралық сегмент тоқсан ішінде едәуір ұлғайды (+865,2

4-сурет. Бөлшек саудалық депозиттердің сегменттер бойынша құрылымы



5-сурет. Бөлшек саудалық депозиттер сегментінің өзгерісі



¹ Бағдарлама бойынша жинақ, мерзімді, мерзімсіз, білім беру жинақтау салымдарына және тұрғын үй құрылысы жинақтау жүйесі бойынша салымдарға 10% мөлшерінде өтемақы төлену көзделген. Өтемақы төлеудің міндетті шарты бойынша депозит банкте 2022 жылдың 23 ақпанынан 2023 жылдың 23 ақпанын қоса алғандағы аралықта сақталынуы қажет.

млрд теңге, оның ішінде теңгелік депозит бойынша өсім + 822,1 млрд теңге).

2022 жылдың 4-тоқсанында әрбір сегменттің теңгелік депозиттердің жалпы өсіміне (+16,5%) қосқан үлесі былайша қалыптасты: бұқаралық сегмент – 8,6%, орта – 2,9%, ірі – 5,0%. Шетел валютасындағы депозиттер әдеттегідей негізінен ірі сегмент есебінен өсті: ірі сегменттің жалпы өсімдегі (+13,1%) үлесі – 11,1%.

Мерзімділік өлшемшарттары бойынша салымдарды орналастыру құрылымы


4-тоқсанда депозиттер негізінен мерзімділік шартына сәйкес келмейтін (мерзімсіз депозиттер) салымдар есебінен (олардың жалпы өсімі 17,1%-ды құрады), сондай-ақ ағымдағы және карточкалық шоттар есебінен (олардың жалпы өсімі –18,1%) өсті. Бұл ретте есепті тоқсанда мерзімділік шартына сәйкес келетін (мерзімді депозиттер) салымдарды қоспағанда (жылыстау 3,9%), депозиттердің барлық түрлері бойынша көлемі жоғарылады. Жинақ депозиттер 4-тоқсанда 9,5%-ға өсті. Салымдардың бұл түрі мерзімді депозиттер секілді банктер үшін тұрақты ақша жинау қорын қалыптастырады. Бұл депозиттер өздерінің теңгелік бөлігі арқылы (+102,6 млрд теңге) өсті. Ал шетел валютасындағы жинақ салымдар керісінше азайды (-7,0 млрд. теңге).

Қорытындысында 2022 жылдың 4-тоқсанында тұрақты ақшалай қор жинау² үлесі 0,7 п.т. төмендеп, 8,4%-ды құрады (6-сурет). Жалпы тұрақты депозиттер өскенімен, олардың үлесі төмендеді. Мұны мерзімсіз депозиттердің озық өсу қарқынымен түсіндіруге болады. 2022 жылдың 4-тоқсанында олар 1,5 трлн теңгеге немесе +17,1%-ға өсті. Бұл 2022 жыл үшін ең жоғары көрсеткіш. Мұндай депозиттердің танымалдылығы сол, оларды кез келген уақытта мерзімімен бұрын алуға болады. Бұдан оның пайызы өзгермейді әрі табыстылығы да айтарлықтай жоғары.


Осылайша 2022 жылдың соңына қарай жеке тұлғалардың депозиттерінің құрылымы былайша қалыптасты: мерзімсіз депозиттер банктердің бүкіл депозиттік портфелінің 62,7%-ын, ағымдағы және карточкалық шоттар – 17,0%-ды, мемлекет субсидиялайтын депозиттер – 12,8%-ды, жинақ салымдар – 6,5%, а мерзімді салымдар – 0,8%-ды құрайды.

Теңгелік депозиттердің құрылымы депозиттік портфельдің жалпы құрылымынан аздап ерекшеленеді. Мұнда мерзімсіз депозиттердің үлесі барлық депозиттердің жартысынан астамын құрайды (53,5%). Екінші орында мемлекет субсидиялайтын депозиттер – 19,4%, әрі қарай ағымдағы және карточкалық шоттар – 17,0%. Бұл ретте теңгелік депозиттердің құрылымында тұрақты ақшалай қор жинау үлесі 12,5%-ға тең (7-сурет). Төртінші тоқсанда мұндай

6-сурет. Депозиттердің мерзімділігі бойынша құрылымы, трлн теңге



7-сурет. Теңгелік депозиттердің мерзімділігі бойынша құрылымы, трлн теңге



² Тұрақты қорлану тұрғын үй құрылыс жинақтары және мемлекеттік білім беру жинақ жүйесі асында ашылған депозиттерді қоспағанда, мерзімді және жинақ депозиттерді қамтиды

депозиттердің үлесі мерзімсіз депозиттердің айтарлықтай өсуі аясында төмендеп кетті. Ал мерзімсіз депозиттердің өсу қарқыны жинақ салымдардың өсу қарқынына қарағанда 2 есе жоғары. Мұндай жағдай 2022 жылдың өн бойында байқалды – халық аумалы-төкпелі уақытта кез келген уақытта алуға болатын әрі пайызы жоғары салымдарды қалайды. Соның нәтижесінде жалпы теңгелік депозиттердің өсімінде (+16,5%) мерзімсіз салымдардың алар үлесі 10,7%-ды, ал жинақ депозиттердің үлесі – 1,1%-ды құрады.

2022 жылдың 4-тоқсанында валюталық депозиттер мерзімсіз депозиттер (+12,7%), сондай-ақ ағымдағы және карточкалық шоттар (+20,6%) есебінен өсті. Бұл ретте бұл сегменттерде өсім негізінен ірі депозиторлар есебінен қамтамасыз етілді.

Салымдардың долларлануы


2022 жылдың 4-тоқсанында долларлану деңгейі рекордтық төмен деңгейде қалыптасты – 33,9% (8-сурет). Мемлекеттің теңгелік депозиттерді қолдауға арналған бірқатар шаралары, оның ішінде теңгелік салымдарды қорғау бағдарламасы, валюталық және теңгелік салымдардың табыстылығы арасындағы сараланым, депозиттердің кепілдіктерінің валютаға бойынша айырмашылығы қазақстандықтардың жинақ ақшаның валютасын таңдауда айқындаушы рөлді атқарды. Осылайша Қазақстанның депозит нарығы халықаралық сарапшылар бекіткен бенчмаркке жақындауда. Соған сәйкес шетел валютасындағы депозиттер депозиттердің жалпы көлемінің³ 30%-ынан аспауы керек. Долларланудың шартты түрде төмен деңгейі банктердің қорланымы, атап айтқанда, жалпы елдің қаржы жүйесі үшін оң фактор болып табылады.

Ірі депозиттер сегментін қоспағанда 2022 жылдың 4-тоқсанында долларлану деңгейі сегменттер бойынша да төмендеді. Долларлану деңгейінің ең көп төмендегені орта сегментте орын алды – 5,9 п.т. (9-сурет). Долларлану деңгейі ірі сегментте 2022 жылдың 3-тоқсанымен салыстырғанда 2,7 п.п.-қа төмендегенімен, жылдық тұрғыда ол 0,4 п.п.-қа жоғарылады. Бұған есепті кезеңде шетел валютасындағы ірі депозиттердің ашылуы (+561,7 млрд теңге) септігін тигізді. Бұқаралық сегмент дәстүрлі түрде долларлану деңгейінің төмендігімен ерекшеленеді. Бұқаралық сегментте долларлық депозиттер үлесінің төмендеу үрдісі 2022 жылдың 4-тоқсанында да жалғасып, ең төмен тарихи мәнге жетті – 13,9%.

Нәтижесінде мөлшері 33,9% болатын жалпы долларлану деңгейінде (2021 жылдың 4-тоқсанында – 34,6%) ірі сегменттің үлесі 22,4%-ды (2021 жылдың 4-тоқсанында – 20,8%), бұқаралық сегмент – 7,2%-ды (2021 жылдың 4-тоқсанында – 9,0%-ды), орта сегменттің үлесі 4,3%-ды (2021 жылдың 4-тоқсанында – 4,8%) құрады.


2022 жылдың 4-тоқсанында долларлану деңгейі жүйе бойынша әрбір депозит түрінде де төмендеді.

8-сурет. Салымдардың долларлану деңгейі




* долларланудың «психологиялық деңгейі» туралы сараптамалық пікірді білдіреді. Одан асып түсу банктік қор жинау жүйесі үшін белгілі бір тәуекелге әкеп соғады

9-сурет. Сегменттер тұрғысындағы долларлану



10-сурет. Депозиттердің түрлері тұрғысындағы долларлану



³ IMF Working Paper «Dedollarization», August 2010

Долларланудың жоғары деңгейі талап етілмелі салымдар бойынша байқалды. Олар негізінен шетел валютасында ашылады. Теңгелік талап етілмелі салымдардың танымал еместігі азаматтарға шоттан ақша алу шарты бірдей болып келетін, бірақ табыстылығы жоғары мерзімсіз салым ашу тиімді екендігіне байланысты. Долларланудың ең төмен деңгейі жинақ салымда қалыптасты. Өйткені теңгемен ашылатын дәл осындай салымдардың табыстылығы жоғары. Сонымен қатар ағымдағы шоттарда да долларлану деңгейі төмен. Оның себебі – есеп айырысулар мен төлемдер негізінен ұлттық валютада жүргізіледі (10-сурет). Мерзімсіз салым бойынша жылдық тұрғыда долларлану 2,9 п.т.-қа төмендеді. Демек халық депозит нарығында негізінен ұлттық валютадағы салымдарға басымдық береді деген сөз.

Сыйақы мөлшерлемесі

Жеке тұлғалардың теңгелік депозиттері бойынша шекті сыйақы мөлшерлемелерін Қор депозиттің түрі мен валютасына байланысты ай сайынғы негізде, сондай-ақ ҚР Ұлттық Банкінің базалық мөлшерлемесінің өзгеруіне қарай бекітеді. 2022 жылдың 4-тоқсанында депозиттер бойынша шекті мөлшерлемелер 5 рет қайта қаралды және орта есеппен 13,2%-ға артты.

Бірінші рет шекті мөлшерлемелер 2022 жылдың 27 қазанында, ҚР Ұлттық Банкінің базалық мөлшерлемесі 14,5%-дан 16,0%-ға, кейін 2022 жылдың 06 желтоқсанында, базалық мөлшерлеме 16,75%-ға көтерілген кезде жоғарылады. Мерзімсіз депозиттер бойынша шекті мөлшерлемелерді көтеру нарықтық мөлшерлемелердің де жоғарылауына түрткі болды. Алайда есепті тоқсанның соңғы айында мөлшерлемелердің өсуі бәсеңдеді және сәйкесінше нарықтық мөлшерлемелер де 0,1 п.т.-қа төмендеп, жалпы 15,0 п.т.-қа дейін түсті (11-сурет). Атап өту керек, нарықта ақша құнының жалпы өсуіне байланысты банк секторы да өздерінің депозиттік өнімдері бойынша мөлшерлемелерді көтерді. Алайда мерзімсіз салымдардың түптеп келгенде транзакциялық депозиттер екендігін түсіне отырып, банктер мұндай депозиттер бойынша сыйақы мөлшерлемелерін Қор бекіткен шекті мөлшерлемелерге жеткізбей белгіледі.


Қысқа мерзімге арналған мерзімді депозиттер бойынша шекті мөлшерлемелердің көлемі де ҚР Ұлттық Банкінің базалық мөлшерлемесінің мөлшеріне тәуелді. Осы депозиттер бойынша мөлшерлемелердің өсуі негізінен 3 айға дейінгі мерзімді депозиттер бойынша нарықтық мөлшерлемелерге әсер етті. Олар орта есеппен 0,8 п. т.-қа көтерілді (12-сурет). Ұзақ мерзімге арналған мерзімді депозиттер бойынша шекті мөлшерлемелер тек 2022 жылдың 6 желтоқсанында көтерілді. Халық арасында танымал болмағандықтан, олар бойынша банк секторындағы нарықтық мөлшерлеме 2022 жылдың 4-тоқсанында өзгермеді деуге болады.

2022 жылдың 1 желтоқсанынан бастап, 12 және 24 айға арналған жинақ салымдар бойынша да шекті мөлшерлемелер көтерілді. Мақсат – ұзақ мерзімге арналған тұрақты


11-сурет. Мерзімсіз депозиттер бойынша мөлшерлемелер серпіні



12-сурет. Мерзімді депозиттер бойынша мөлшерлемелер серпіні



13-сурет. Жинақ депозиттер бойынша мөлшерлемелер серпіні



депозиттердің тартымдылығын сақтау. Бұл сегмент шекті мөлшерлемелердің өзгеруіне өте сезімтал болғандықтан, есепті тоқсанда барлық мерзімге арналған жинақ салымдар бойынша нарықтық мөлшерлемелер үздіксіз өсіп отырды (13-сурет).

Сонымен қатар қаржы секторына қатысушылардың отандық экономиканы қайта қалпына келтіру, сондай-ақ инфляциялық қысымды түсіру бойынша үміттерін ескере отырып айтар болсақ, нарыққа қатысушылардың көңіл-күйі, мінез-құлқы негізінен қысқа мерзімді депозиттер бойынша табыстылықты арттыруға бағытталған. Бұл ретте қысқа мерзімді жинақ және мерзімді салымдар бойынша спред⁴ 1,5 п.т деңгейінде қалыптасты. Ал ұзақ мерзімді тұрақты депозит бойынша орташа спред 3 п.т деңгейінен жоғары белгіленді.

⁴ Қалыптасқан нарықтық мөлшерлеме мен депозиттік өнімнің нақты түрі бойынша шекті мөлшерлеме арасындағы айырмашылық